



«Самұрық-Қазына» АҚ 2011 жыл ішіндегі қаржылық есептілігінің егжей-тегжейлі талдамасы

Маусым, 2012 жыл

МАЗМҰНЫ

Беті

I. Қор тобына шолу	3
II. Операциялық қызметтің нәтижелері және күрделі шығындар	15
1. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер	15
2. ЕДБ-сіз шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер	18
3. Сегменттер және күрделі шығындар бөлінісіндегі 2011 жылғы қаржылық көрсеткіштер	20
3.1 «Мұнай-газ» сегменті.....	22
3.2 «Тау-кен өнеркәсіп» сегменті	25
3.3 «Тасымалдау» сегменті.....	26
3.4 «Энергетика» сегменті.....	30
3.5 «Телекоммуникациялар» сегменті.....	34
3.6 «Қаржы және даму институттары» сегменті.....	36
3.7 «Корпоративтік орталық және жобалар» сегменті	38
3.8 Шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімнің елеулі баптарының өзгерістерін талдау	39
3.9 Айналым капиталын талдау	41
III. Өтімділік.....	41
1. Ақша қаражатының қозғалысын талдау	42
2. Қаржылық тұрақтылықты талдау	42

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2011 жыл ішіндегі қаржылық есептілігінің егжей-тегжейлі талдамасы Қордың 2011 жыл ішіндегі аудиттелген шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне қосымша дайындалды.

Талдама шоғырландырылған қаржылық есептілікті қосымша ақпаратпен ашу, қызметтің ашықтығын арттыру, Қор тобының есепті кезеңдегі қаржылық жағдайын және қызметінің нәтижелерін түсіну мақсатында әзірленді.

Қор туралы заңға сәйкес талдамада пайдаланылатын терминдер:

Ұлттық әл-ауқат қоры - ұлттық басқарушы холдинг.

Компаниялар - ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар.

Қордың тобы - Қор, компаниялар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компанияларға тиесілі олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компаниялардың көрсетілген еншілес ұйымдарына тиесілі, осы Заңмен өздеріне қатысты арнаулы құқықтық жағдай белгіленетін заңды тұлғалар (бұдан әрі – Қордың тобы).

Бұл ретте Қордың тобына:

- кепілге салынған акцияларын (қатысу үлестерін) сату жөніндегі сауда-саттық Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өткізілмеді деп жарияланған кезде акциялары (қатысу үлестері) Қордың тобына кіретін банктің меншігіне келіп түскен заңды тұлғалар;
- банк кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қордың меншігіне келіп түскен банктер кірмейді.

I. Қор тобына шолу

Қор «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі және тұрақтылығы жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру жолымен құрылды.

Қор қызметінің мақсаты Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту, Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру болып табылады.

Мақсаттарға қол жеткізу үшін Қор мынадай бағыттар бойынша әрекет етеді:

1) Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру

Қор компаниялардағы корпоративтік басқару мен инновациялық даму деңгейлерін арттыру, басқарудың ашық және оңтайлы құрылымын қалыптастыру, қаржылық нәтижелілікті және компаниялардың тұрақтылығын арттыру арқылы компаниялардың құнын ұлғайтуға арналады.

2) Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға жәрдемдесу

Қор өнеркәсіпті және инфрақұрылымды жаңғырту және одан әрі дамыту, салалық әртараптандыру мақсатында компанияларды басқаруды жүзеге асырады.

Қордың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қордың Директорлар кеңесі жалғыз акционер сайлайтын төрағадан және мүшелерден тұрады. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Қор директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің арасынан, Қордың басқарма төрағасынан, тәуелсіз директорлардан және өзге де тұлғалардан қалыптастырылады. Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қордың жарғысымен айқындалады, бұл ретте тәуелсіз директорлардың саны директорлар кеңесі сандық құрамының бестен екі бөлігінен кем болмауға тиіс.

Қор тобының құрылымына мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, телекоммуникация және басқаларды қоса алғанда, экономиканың негізгі секторларының компаниялары кіреді. Қор компанияларының қызметі акционерлік капитал құнын арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыруға жәрдемдеседі.

Қор тобының құрылымына 589 компания, оның ішінде «Самұрық-Қазына» корпоративтік орталығы, барлық деңгейлердегі 369 еншілес ұйымдар (бұдан әрі – ЕҰ) және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кірмейтін заңды тұлғаларды және банктерді қоса алғанда, 219 қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдар кіреді. Қордың қаржылық есептілігін шоғырландыру кезінде ЕҰ мынадай сегменттер бойынша топталады:

- Мұнай-газ
- Тау-кен өнеркәсібі
- Тасымалдау
- Телекоммуникациялар
- Энергетика
- Қаржы институттары және даму институттары
- Корпоративтік орталық және жобалар.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 35 елеулі еншілес ұйымдар кіргізілді.

Бұдан әрі осы талдаманың II бөлімінде операциялық қызметтің нәтижелері сегменттер бойынша сипатталады, бірақ бұл ретте факторлық талдау Қор тобы бойынша ғана жүргізілді.

Қордың тобы мемлекеттік мүлік туралы заңға және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес өз қызметін Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – ҰИИДМБ), темір жол саласы, энергетика, мұнай-газ секторы және т.б. саласындағы даму бағдарламаларында белгіленген елдің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағыттайды.

2010-2011 жылдар ішінде Қордың Даму стратегиясы¹ бекітілген жоқ, бірақ 2011 жылғы қаңтарда Қор Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың Даму стратегиясының жобасы мақұлданды. Бұл ретте еншілес ұйымдар өз қызметін елдің жоғарыда санамаланған стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізгі түйінді параметрлері ескерілген бекітілген даму стратегияларын іске асыру мақсатында жүзеге асырды.

Қазіргі кезде 2012 жылғы 01 ақпанда қабылданған «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заң ескеріле отырып жаңартылған Қор Даму стратегиясының жобасы дайындалды.

Қор тобының қызметі Қор туралы заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салалық заңдарымен, Салық кодексімен, Бюджет кодексімен, мемлекеттік мүлік туралы заңмен және уәкілетті мемлекеттік органдардың жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен, акционерлік қоғамдар туралы заңмен реттеледі. Бұдан басқа, жекелеген компаниялардың қызметтерді, жұмыстарды және тауарларды беруі табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау туралы заңдармен реттеледі.

Қор тобының 2011 жылғы қызметіне мынадай макроэкономикалық көрсеткіштер де әсер етті.

Атауы	2011 жыл бағалау	2010 жыл іс жүзінде	Өзгеріс, %-бен
ЖІӨ нақты өсімі, алдағы жылға %-бен	107,5	107,3	0,2 ²
Кезеңнің аяғындағы инфляция, %	7,4	7,8	-5,1
Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы	146,6	147,3	-0,5
Мұнайдың әлемдік бағасы Brent, жылына орта есеппен АҚШ доллары/баррель	110,9	79,6	39,3

¹ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі шешімімен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ стратегиялық даму басымдықтары бекітілді.

² Пайыздық пункттер.

Төменде 2011 және 2010 жылдар ішіндегі Қордың ЖІӨ-не шоғырландырылған түсімі көлемінің қатынасы туралы ақпарат келтірілген.

	2011 жыл		2010 жыл		Өзгеріс (+/-)	Өзгеріс, %-бен
	млрд. теңге	ЖІӨ-ге %-бен	млрд. теңге	ЖІӨ-ге %- бен		
ЖІӨ	27 334	100	21 816	100	5 518	125
Еншілес компаниялардың түсімі	4 427	16	3 631	17	796	122
Түсімдегі қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын компаниялардың үлесі	1 914	7	1 538	7	376	124
Жиыны, түсім	6 341	23	5 169	24	1 172	123

Қор тобының Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимылы Қор қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол Қазақстан Республикасы Үкіметі функцияларының Қорға қатысы бойынша әр алуан сипатына байланысты: акционер, тарифтік реттеуші, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды үйлестіруші.

ҚЕХС-ке сәйкес 2011 жылы Қордың Акционерге жіберген дивидендтерінің жалпы сомасы 49,6 млрд. теңгені (2010 жылы – 80,2 млрд. теңге) құрайды, атап айтқанда:

1) директорлар кеңесінің 2010 жылғы 18 қыркүйектегі №52 шешіміне сәйкес 2010 жылғы 26 қарашада іс жүзінде республикалық бюджетке аударылған, ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі №354 қаулысына сәйкес есептелген 2009 жыл ішіндегі қызметтің қорытындылары бойынша *Қордың 7,1 млрд теңге мөлшеріндегі дивидендтері*;

2) жалпы сомасы 42,5 млрд. теңгеге Акционерге өзге де бөлу:

- ҚР Үкіметінің тапсырмасы бойынша Астана қаласында «Қазақстан тарихының мұражайын», «Телерадиокешенінің ғимаратын», «Мектеп оқушыларының шығармашылық сарайын» салу, сондай-ақ Мәскеу қаласында жалпы сомасы 37,8 млрд. теңге «Дүниежүзілік көрме орталығын» қайта жөндеу жөніндегі міндеттемелер;

- ҚР Үкіметінің өкімі бойынша 2011 жылы Батыс Қазақстан облысында көктемгі су тасқыны салдарынан бұзылған тұрғын үйлерді, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін 5 млрд. теңге мөлшеріндегі қайырымдылық көмек.

Бұлардың сыртында Қор тобы өздерінің өндірістік коммерциялық қызметімен байланысты емес және Акционердің (Үкіметтің) пайдасына төлем ретінде сипатталуы мүмкін шығыстарды, шығындарды көтереді. 2011 жылы ғана жоғарыда көрсетілген 42,5 млрд. теңгеден басқа Қор компанияларының тобы бойынша осындай шығыстардың жалпы сомасы шамамен **258,7 млрд. теңгені** (2010 жылы – 178 млрд. теңге) құрады, атап айтқанда:

- 59,2 млрд. теңге сомасындағы демеушілік көмек (әр алуан спорт түрлері, Астана күні, мешіттің құрылысы және т.б.), бұл 2010 жылмен салыстырғанда 34,6 млрд. теңгеге көп;

- ҚТЖ-да жолаушылар тасымалдарын субсидиялау – 29,6 млрд. теңге (шығындардың барлық сомасы бірдей республикалық бюджеттен өтелмейді);

- Қазақтелекомның жергілікті байланыс қызметтері бойынша шығындары – 35,8 млрд. теңге;

- газды ішкі нарыққа төмен баға бойынша сатудан болатын шығындар – 45,9 млрд. теңге;

- мұнай ішкі нарыққа төмен баға бойынша сатудан болатын шығындар – 82,9 млрд. теңге, және т.б.

Болашақта осындай шығыстарды Акционерге бөлу ретінде барабар көрсету мақсатында Қор *коммерциялық және коммерциялық емес қызмет түрлері бойынша кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алуды* (бұдан әрі – бөлек есепке алу) енгізу тәртібін дайындады, оған сәйкес Қордың компаниялары бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесін әзірлейді. 2013 жылы Қордың тобында бөлек есепке алу енгізіледі деп жоспарлануда.

Қордың тобында табиғи монополиялардың 16 субъектісі (бұдан әрі – ТМС) бар, олардың Қордың шоғырландырылған кірісіндегі кірістері, мысалы, 2010 жылдың қорытындылары бойынша 35% құрап нарықта үстем жағдайды иеленеді, осылайша, Қор тобы кірістерінің үштен бір бөлігінен астамы тарифтік реттеуге ұшырайды. Қор Үкіметпен бірлесіп тарифтік реттеудің қолданыстағы жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Төменде 2010-2011 жылдары мемлекеттік бюджетке елдің ұлттық қорына төленген салықтар мен төлемдер туралы ақпарат келтіріледі.

млрд.теңге

Атауы	2011 жыл	2010 жыл	Өзгеріс (+/-)	Өзгеріс (%)
Мемлекеттік бюджет және Ұлттық қор Салық түсімдері	7 343	5 190	2 152	141
«Самұрық-Қазына» АҚ салықтар мен төлемдері	727	605	123	120
Мемлекеттік бюджетке және Ұлттық қорға салық түсімдеріндегі үлес, %	10	12	-2	85

Қор компанияларының тобы елдегі инвестициялық белсенділіктің локомативі болып табылады. Бірқатар негізгі салаларда күшті позицияларды иелене отырып, Қор жобаларды іске асыру үшін меншікті және қарыз қаражатын, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың тікелей инвестицияларын тартады. 2012 жылдың басында еншілес ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын Қордың инвестициялық бағдарламасы жалпы құны 16,5 трлн. Теңге іске асырылатын және іске асырылуы жоспарланған 220 ірі инвестициялық жобаны қамтиды.

Қор компанияларын дамытудың 2015 жылға дейінгі дамуының шебер жоспарларының деректеріне сәйкес, төменде жобалардың қолданыстағы жіктемесіне сәйкес жоспарланатын инвестициялардың бөлінуі көрсетілген.

Жобаның түрі	Саны	%	Сомасы, трлн.теңге	%
Стратегиялық	107	49	5,1	31
Кеңейту, жаңғырту және дамыту	82	37	10,9	66
Күрделі жөндеу және жаңарту	31	14	0,5	3
Жиыны	220		16,5	

Қор Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын, ҰИИДМБ, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын және елдің басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыру шеңберінде ұлттық экономиканы әртараптандыру және жаңғырту жөніндегі міндеттерді іске асыруға барынша жәрдем көрсетеді. ҰИИДМБ шеңберінде Қор жалпы құны 2,55 трлн. Теңге 24 инвестициялық жобаны іске асырады.

Бұдан әрі жоғарыда келтірілген жобаларды іске асыру үшін 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржыландыру көздері туралы ақпарат келтіріледі.

Көз	Трлн.теңге	Үлес %
Меншікті қаражат	6,1	50
Инвестициялар және РБ қарыз алу	0,8	7
ҚР Ұлттық қорының қаражаты	1,5	12
Капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында нарықтық қарыз алу	3,9	32

Қор тобының меншікті қаражаты дивидендтік түсімдер/бөлінбеген пайда және компаниялардың қаржылық/қаржылық емес кірістері есебінен қалыптастырылады. Мемлекеттік, салалық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде, сондай-ақ Үкіметтің тапсырмасы бойынша іске асырылатын жобалар салынған капиталға беру жөніндегі Қор компанияларының ең аз талаптарын орындамайды. Сондықтан компаниялар әлеуметтік жобаларды іске асыру кезінде, әдетте, республикалық бюджеттен және ҚР Ұлттық қорынан қаржыландыру алады. Ұлттық қордан алынатын қаражат, негізінен, 2009-2010 жылдары экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру мақсатында тартылды.

2008 – 2011 жылдар аралығында Жалғыз акционер Қордың жарғылық капиталына 966,9 млрд. теңге сомасындағы ақша қаражатымен жарналар аударды. Бұл ретте 2010 жылы - 141,4 млрд. теңге, ал 2011 жылы – 147,6 млрд. теңге.

2011 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қорға берген қарызы 870 млрд. теңгені (2010ж.: 879 млрд. теңге) құрады.

Бастапқы тану кезінде осы қарыздар тиісті нарықтық сыйақы төлеу ставкасы пайдаланыла отырып, әділ құн бойынша бағаланды және кейіннен амортизациялық құн бойынша ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыз	2011 жыл	2010 жыл	Өзгеріс (+/-)
Номиналдық құн	1 430 917	1 419 298	11 619
Дисконт	-566 135	-543 168	-22 967
Сыйақы	4 933	2 827	2 106
Теңгерімдік құн	869 715	878 957	-9 242

Валюталық тәуекелдерді азайту мақсатында Қор компаниялары қарыз алудың бір бөлігін капиталдың ішкі нарығында жүзеге асырады. Капитал шығындарын қаржыландырудың қосымша көзі IPO өткізуден тартылатын қаражат болады. Сондай-ақ Қордың тобында ішкі топтық қаржыландыру пайдаланылатын болады.

«Мұнай-газ» сегменті бір компаниядан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тан (бұдан әрі – ҚМГ) тұрады.

ҚМГ қызметінің негізгі түрлері мұнай-газ саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысу, келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда мемлекет мүдделерін білдіру, корпоративтік басқару және көмірсутегілерін барлау, әзірлеу, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері болып табылады. ҚМГ құрылымына 7 деңгейдегі 202 компания кіреді.

2011 жылдың ішінде Қазақстан Республикасында шамамен 79,9 млн. тонна мұнай өндірілді, 13,7 млн. тонна мұнай өңделді. Өткен жылмен салыстырғанда мұнай өндіру өсімі 0,4%, мұнай өңдеу өсімі – 4% құрады. Қазақстандағы мұнай мен газ конденсатын өндірудің жалпы көлеміндегі ҚМГ үлесі 2011 жылы 27,6%-дан 26,4% дейін, мұнай өңдеу бойынша 86,3%-дан 83,3% дейін қысқарды, мұнай экспорты бойынша 11,5%-дан 13,4% дейін ұлғайды.

2011 жыл ішінде ҚМГ-да мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) 2011 жылғы кезеңде ҚМГ мыналарды сатып алды:

- Ural Group Limited BVI жай акциялары үлесінің 50% (Батыс Қазақстан облысындағы Федоров блогында көмірсутегілерін барлау);

- «Карповский Северный» АҚ үлесінің 100% (Батыс Қазақстан облысындағы Карповский Северный кен орнының газ конденсатын барлау);

- «АқтауНефтеСервис» ЖШС 100% (бұрғылау, жөндеу, жүктерді мұнай өндіретін компанияларға тасымалдау);

- RompetrolGeorgiаиелену үлесінің 1%(үлес 99% дейін жеткізілді).

1) Қазақстанның Қарашығанақ жобасына 10% қатысуы туралы келісім жасалды. Karachaganak Petroleum OperatingКонсорциумы біздің елге келіспеушіліктерді реттеу есебіне 5% үлес береді және 1 млрд АҚШ доллары үшін қосымша 5% сатады.

2) Есепті кезең ішінде екі Басқарма төрағасы және менеджменттің бір бөлігі ауысты.

3) Рейтингілік агенттіктер ҚМГ-ның мынадай ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілерін растады: Standard & Poor's«BBB-» деңгейінде, болжам – «тұрақты»;Moody's«Baa3» деңгейінде, болжам – «тұрақты»;Fitch«BBB-» деңгейінде, болжам – «оң».

«Тау-кен өнеркәсібі» сегменті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі – ҚАӨ), «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚИ), «Біріккен химия компаниясы» ЖШС (бұдан әрі – БХК), «Тау-кен Самұрық» ҰТКК» АҚ (бұдан әрі - ТКК), «Қазгеология» ҰГК АҚ (бұдан әрі – Қазгеология) топтастырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ атом энергетикалық станцияларына арналған уранның және оның қосылыстарының, ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, қосарлы қолдану

материалдарының экспорты мен импорты бойынша Ұлттық операторы болып табылады. ҚАӨ қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- уран өндіру, уран өнімдерін өңдеу және сату;
- тантал мен бериллийден жасалған бұйымдар шығару және сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер;
- электр энергиясын, жылу энергиясын және су өндіру және сату;
- өзге де өнімдер өндіру және сату және негізгі өндіріс үшін қызметтер көрсету.

ҚАӨ активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 72 компаниядан тұрады. Одан әрі топ активтерін қайта құрылымдау жөнінде жүргізілетін іс-шаралардың шеңберінде ҚАӨ бақылау алу және ықпалды күшейту мақсатында тәуелді және бірлесіп бақыланатын өндіру ұйымдарындағы үлесті ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

2011 жылғы маусымда ҚАӨ бас кеңсесі Жалғыз акционер Басқармасының шешімімен Астана қаласына көшірілді (Қонаев көшесі, 10).

ҚАӨ тобы ұйымдарының Қазақстан Республикасында уран өндіру көлемі 2011 жылы 19 069 тоннаны құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 10,7% (1 842 тоннаға) көп. Табиғи уранның әлемдік нарығында тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың өндіру көлемін ескергенде Топтың үлесі 35% астамды, ескермегенде – 12% астамды құрайды. ҚАӨ өнімдерінің негізгі көлемі (уран, тантал, бериллий және т.б.) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспортқа шығарылады.

Тантал мен бериллийдің әлемдік нарығындағы Топтың үлесі тиісінше 13% және 23% құрайды. Ішкі нарықтағы Топтың электр энергиясын өндіру жөніндегі үлесі («МАЭК-Қазатомөнеркәсіп») 5,2% құрайды.

2011 жылы мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) «Орталық» ДП» ЖШС сатып алынды;

2) Мыналар құрылды:

- сирек металл және сирек жер өнімдері мен материалдарына зерттеу жүргізу, оларды әзірлеу, өндіру, шығару және өткізу мақсатында «Сирек металл компаниясы» БК КТ ЖШС;
- күн энергетикасы технологияларын дамыту және жаңғыртылатын энергия көздері өндірісін құру мақсатында «AstanaSolar» ЖШС;

1) «Байкен-У» ЖШС «Харасан-2» учаскесінің және оңтүстік-шығыс қанатының «Солтүстік Харасан» кен орнын жерасты-бұрғылаумен сілтілеу әдісімен уран өндіру» жобасы бойынша бірінші іске қосу кешені пайдалануға енгізілді;

2) Қызылорда облысында «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген жаңа күкірт қышқылы зауытын салу аяқталды.

3) Астана қаласында Мектеп оқушыларының шығармашылық сарайын салу жөніндегі әлеуметтік жоба іске асырылды.

БХК ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 13 қазандағы кеңейтілген отырысы барысында берілген Қазақстан Республикасы Президентінің «химия саласының жобаларымен айналысатын арнайы компания құру» жөніндегі тапсырмасын орындау үшін құрылды.

БХК жергілікті және әлемдік нарықта қажет етілетін қазіргі заманғы химия өнімдерін шығаруға арналған отандық көмірсутегі және минералдық шикізатты тереңдетіп қайта өңдеуге бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру жолымен Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібін дамытуға жәрдемжесетін холдингілік құрылым болып табылады.

Қазіргі кезде БХК мынадай инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысады:

- Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу – бірінші фазасы (полипропилен) және екінші фазасы (полиэтилен);
- Ақмола облысында (Степногор қаласы) өндірістік қуаты 180 000 тонна күкіртқышқылы зауытын қайта жөндеу;
- Жамбыл облысында фосфоритті концентрат өндіру үшін суспензиялық-флотациялық фабриканы қайта жөндеу.

БХК активтерінің құрылымында екі еншілес және тәуелді ұйым бар. «Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу» жобасын іске асыру шеңберінде БХК «KazakhstanPetrochemicalIndustriesInc.» ЖШС («KPIInc.» ЖШС) қатысу үлесінің 51% сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады.

БХК өндірістік қызметінен түсетін кірісті алу Степногор қаласындағы күкірт қышқылы зауыты пайдалануға енгізілгеннен кейін 2013 жылы күтіледі.

2011 жылы мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) «Қазақстан Даму банкі» АҚ пен Қытай Эксимбанкі арасында Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу жобасының бірінші фазасын қаржыландыру туралы кредиттік келісім жасалды.

2) Қазақстан және Корей тараптарының арасында Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу жобасының екінші фазасын іске асыру үшін бірлескен кәсіпорын (jointventureagreement) туралы келісімге қол қойылды, оның негізінде Оңтүстік Кореяның LG ChemLtd компаниясы жобаның екінші фазасында жобалық компанияға қатысушылардың құрамына кірді.

3) «Қазатомөнеркәсіп» СКЗ БК ЖШС мен Еуразия Даму банкінің арасында Степногор қаласында өндірістік қуаты 180 000 тонна күкірт қышқылы зауытын қайта жөндеу жобасын қаржыландыру бойынша кредиттік шартқа қол қойылды. Жобаны іске асыру шеңберінде құрылыс алаңындағы бас мердігердің күшін жұмылдыру басталды.

Қазгеология республиканың аумағын оңтайлы игеруді қамтамасыз ету, халықтың өмір сүруіне арналған қолайлы жағдайлар және болашақ ұрпақ қоры үшін жаңа минералдық- шикізат базаларын жасау, сондай-ақ Каспий шельфінің қазақстандық секторында Қазақстанның экономикалық және геосаяси мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 684 қаулысымен құрылды.

Қазгеология қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- республиканың минералдық-шикізат базасын молықтыру;
- геологиялық-барлау жұмыстары саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;
- пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіру мен бағалауды қоса алғанда, жер қойнауына геологиялық зерттеу жүргізу;
- геология саласына ғылымды қажетсінетін және тиімді жаңа технологиялар әзірлеу және енгізу;
- алынатын геологиялық ақпарат деректерінің банкін сақтау, өңдеу, жүйелендіру;
- қоғамға берілетін геология саласы ұйымдарының акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) тиімді басқару.

ҚИ республиканың аса ірі қорғаныстық-өнеркәсіптік кәсіпорындарында бірыңғай қаржы, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз ететін холдингтік құрылым болып табылады және Қорғаныс министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында болады.

ҚИ миссиясы – ішкі қажеттілік пен экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныстық, қосарлы және азаматтық мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу.

ҚИ құрылымына 3 деңгейдегі 33 компания кіреді. ҚИ халық тұтынатын тауарлар шығаруды қоса алғанда, мұнай-газ, темір жол, энергетика, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешендер үшін, сондай-ақ радиоэлектроника мен басқа да секторлар саласындағы өнімдер шығару мен қызметтер көрсетуге маманданады.

2011 жылы мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) Қор мен Қорғаныс министрлігінің арасында ҚИ стратегиялық, корпоративтік, кадрлық және қаржы мәселелері бойынша шешім қабылдайтын белсенді акционер ретіндегі Қордың позициясын күшейту жағына жасалған 2010 жылғы 15 маусымдағы ҚИ акциялары пакетін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шарттың талаптары 2011 жылғы 27 қыркүйектегі Қосымша келісіммен қайта қаралды.

2) 39,01% мөлшеріндегі ҚИ мемлекеттік акциялар пакетін Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге беру туралы ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 19 қарашадағы № 1356 қаулысы қабылданды, оған сәйкес Қор тағы да ҚИ Жалғыз акционеріне айналды.

«Тасымалдау» сегментіне Қордың мынадай компаниялары топтасады: «Қазақстантеміржолы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚТЖ), «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – Эйр Астана), «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ, «Досжантеміржолы» АҚ. Осы сегменттегі ірісі құрылымына 5 деңгейдегі 95 компания кіретін ҚТЖ және Эйр Астана болып табылады.

ҚТЖ қызметінің негізгі мақсаты экономика мен халықтың багажды, жүк багажын, жүктерді, почта жөнелтімдерін темір жол көлігімен тасымалдауға деген қажеттіліктерін үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету болып табылады.

Елдің жалпы жүк айналымы мен жолаушылар айналымындағы темір жол көлігінің үлесі 2010-2011 жылдары шамамен 55% құрады.

2011 жылы мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) ҚТЖ құрылымына «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС кірді және «Желдорводотеплоснабжение» ААҚ мен «Теміржолжылу» АҚ-ты «Теміржолсу» АҚ-қа қосу жолымен «Теміржолсу» АҚ, «Желдорводотеплоснабжение» ААҚ және «Теміржолжылу» АҚ қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

2) «Standard&Poor's», «Fitchratings» «Moody'sInvestorsservice» рейтингілік агенттіктері Компанияның кредиттік корпоративтік рейтингілерін тиісінше «BBB-», «BBB-» «Baa3» деңгейінде растады. Бұдан басқа, жетекші сертификациялаушы орган – «SGS» халықаралық компаниясы – ҚТЖ сапаны, экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкестігіне сертификаттады: ISO 9001:2008, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007.

3) Темір жол саласын дамытуға бағытталған бірқатар негіз құраушы құжаттарға қол қойылды, атап айтқанда:

- ҚТЖ мен Чунцин қаласы (ҚХР) әкімшілігінің арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

- «Қазтранссервис» АҚ (ҚТЖ еншілес ұйымы) – «DB Schenker» (DeutscheBahn AG еншілес ұйымы) – «Белинтертранс» ЖШҚ - «Трансконтейнер» ААҚ және TransEurasiaLogistics арасындағы «Чунцин-Дуйсбург» контейнерлік поезы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «ЛатвиясДзелзцельш» МАҚ, «EestiRaudtee» АҚ, «ФЕСКО көлік тобы» арасындағы «Балтика-Транзит-2» контейнерлік-трейлерлік поездың қозғалысы туралы келісім;

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен немістің DeutscheBahn AG темір жол компаниясының еншілес кәсіпорны – «DB MobilityLogistics» AG арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

- ҚТЖ мен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арасындағы меморандум;

- ҚТЖ мен «Уралвагонзавод (УВЗ)» Ресей ғылыми-өндірістік корпорациясының арасындағы Қазақстанның көлік машиналарын жасау кәсіпорнына инвестициялар туралы келісім.

«**Эйр Астана**» АҚ (бұдан әрі – Эйр Астана) қызметінің негізі азаматтық авиацияның әуе кемелерімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау болып табылады. Қор (51%) және «BAESystemsKazakhstanLtd.» (49%) Эйр Астананың акционерлері болып табылады.

Халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдар нарығындағы Эйр Астананың үлесі 2010-2011 жылдары шамамен 36%, ішеі бағыттар бойынша – 77% құрады.

Мынадай елеулі оқиғаларды атап өтеміз:

1) Авиация жанар-жағар май материалдарына (бұдан әрі – АвиаЖЖМ) бағаны реттеудің болмауына байланысты, АвиаЖЖМ бағалары орта есеппен 36,1% артты.

2) Эйр Астана 2011 жылы TheSkytrax сыйлығының шеңберінде «Шығыс Еуропаның үздік авиакомпаниясы» номинациясында екінші орынға ие болды, 2010 жылы осы номинацияда үшінші орынды иеленді.

3) Standard&Poor's халықаралық агенттігі Қоғамның қызметіне жүргізілген аудиттен кейін 2011 жылы авиакомпанияның корпоративтік басқару рейтингін GAMMA-6 деңгейінде растады, ол бүгінгі күні Қазақстанда ең жоғарылардың бірі болып табылады.

4) ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен техникалық жәрдем пакетін алу үшін мүмкіндіктер ашатын хат алынды.

5) Екі Embraer 190 авиалайнерлерін сатып алу туралы «Embraer» авиа жасау концернімен шартқа, сондай-ақ осы модельдің тағы екі авиалайнерін саптып алу опционына қол қойылды.

«**Энергетика**» сегментінде Қордың мынадай компаниялары топтастырылған: осы сегменттегі ең ірілері болып табылатын «KEGOC» АҚ (бұдан әрі – KEGOC) және «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Энерго), «КОРЭМ» АҚ (бұдан әрі – КОРЭМ), «Ш.Шөкин атындағы Энергетика ҚазҒЗИ» (бұдан әрі – ҚазҒЗИ), «Екібастұз МАЭС-1».

KEGOC Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) жүйелік операторы болып табылады. Электр энергиясын беру, желіге босатуды және электр энергиясын

тұтынуды техникалық диспетчерлеу, электр энергиясының өндірілуін/тұтынылуын теңгерімдеу жөніндегі және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес электр энергиясының шекаралас мемлекеттердің энергия жүйелеріне ток ауысудың шарттық шамаларын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетеді, меншік нысанына қарамастан, ҚР БЭЖ объектілерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады.

KEGOC көрсетілетін қызметтер бойынша нарықтың 100% алады. KEGOC құрылымына бүкіл Қазақстан бойынша орналасқан жүйеаралық электр желілерінің 9 филиалы, Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы, Алматы қаласындағы өкілдік және 2 компания («Энергоинформ» АҚ және «Батыс Транзит» АҚ) кіреді.

2011 жылғы **мынадай елеулі оқиғаларды** атап өтеміз:

1) «KEGOC» АҚ мен KoreaElectricPowerCorporation Консорциумы (KEPCO), HyundaiEngineeringCo. Ltd және HyundaiCorporation арасындағы «Қазақстанның ұлттық электр желісі, II кезең» жобасының шеңберінде келісімшарттық келісімге қол қойылды.

2) 2011 жылғы желтоқсанның аяғында «KEGOC» АҚ пен «Узбекэнерго» ГАК арасында Қазақстан БЭЖ-інен алынған электр энергиясының жоспардан тыс көлемін өзбек тарапының сатып алуына арналған екі шартқа, сондай-ақ электр қуатын реттеу жөніндегі қызметтер көрсету шартына қол қойылды.

3) Қор жүргізген функционалдық талдаудың нәтижесінде «KEGOC-Сервис» мекемесі бейіндік емес актив ретінде таратылды, ал қызметінің жекелеген түрлері KEGOC атқарушы дирекциясына берілді;

4) қазақстандық KEGOC компаниясының GAMMA рейтингі GAMMA-5+ деңгейінде расталды және Standard&Poor's бастамасы бойынша қайтарылып алынды.

Самұрық-Энерго мен оның еншілес кәсіпорындары қызметінің негізгі түрлері көмірдің, көмірсутегілердің және су ресурстарының негізінде электр және жылу энергиясы мен ыстық су өндіру және халыққа әрі өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау және желідегі электрді техникалық бөлу, су және жылу электр станцияларын салу, көмір өндіру және сату, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалдау болып табылады.

Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру нарығындағы үлес 2011 жылы 15,5%, 2010 жылы – 15,4% құрады, көмір өндіру 2011 жылы – 38%, 2010 жылы – 39,5% құрады.

Компанияның акциялары пакетінің 94,7% және 5,3% тиесілі Қор және «ҚазТрансГаз» АҚ Самұрық-Энергоның акционерлері болып табылады. Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес Қор Самұрық-Энерго және ҚМГ-мен бірлесіп жүргізген жұмыстың нәтижелері бойынша 4,8% үлес Қорға сатылатын болады. Самұрық-Энерго активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 30 компаниядан тұрады.

2011 жылы мынадай **елеулі оқиғалар** болды:

1) Самұрық-Энерго 2011-2020 жылдардағы кезеңге арналған Даму стратегиясы бекітілді;

2) 2011 жылғы 18 мамырда Қор мен Самұрық-Энерго арасында «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС жарғылық капиталындағы 50% қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқару шарты жасалды;

3) Самұрық-Энерго мен Қытайдың Экспорттық-Импорттық банкі қаржылық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойды.

4) «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ (Самұрық-Энергоның еншілес ұйымы) біріктірілген басқару жүйесі ISO 9001:2008, OHSAS 18001:2007 және ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес TÜV CERT халықаралық сертификаттау жүйесінің өкілдері сертификаттады.

КОРЭМ қызметінің негізгі түрлері орталықтандырылған алаңда электр энергиясымен саудасаттықтар жүргізуге дайындықты қамтамасыз ету, ал ҚазГЭИ – электр энергетикасы саласында ғылыми және қолданбалы зерттеулер мен әзірленімдер болып табылады.

«Телекоммуникациялар» сегментінде Қордың: «Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – Қазақтелеком) және «Казпочта» АҚ (бұдан әрі – Казпочта) компаниялары топтастырылады.

Қазақтелеком Қазақстан Республикасы байланысының аса ірі операторы бола отырып, ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің кең спектрін ұсынады, оның ішінде тіркелген телефония, ұтқыр байланыс, деректер беру және Интернет, операторларға қызметтер, ақылы ТВ қызметтері және АТ-сервистер. Қазақтелекомның құрылымына 3 деңгейдегі 13 компания кіреді; компанияның өңірлерде филиалдық желісі бар және жай акцияларының 51% тиесілі Қордың тобына кіреді.

Тіркелген байланыс қызметтері нарығының үлесі 92% деңгейінде өзгеріссіз қалды, ұтқыр байланыс қызметтер (дауысты байланыс) нарығының үлесі бір жылдың ішінде ұтқыр байланыс абоненттері санының өсуі есебінен 7,7%-дан 8,2% дейін артты.

2011 жылы **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) Қазақтелеком жалға беретін цифрлы магистралдық байланыс арналарының саны өткен жылдың ішінде 4,2 есе ұлғайды, ISP-провайдерлерге ұсынылатын интернет-арналардың жалпы өткізу қабілеті 3,4 есе ұлғайды.

2) ҮИИДМБ кірген «FTTH (FibertotheHome) желілерін тарту» серпінді жобасы бастау алды.

3) «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерінде WLL CDMA желісін дамыту» жобасын іске асыру жалғасты.

4) «Алатау» АТП-да VAS-қызметтер операторы – «KT CloudLab» ЖШС тіркелді, бірнеше ірі дата-орталықтарды жобалау және салу басталды.

5) «Сервис-менеджмент жүйесі» жобасының шеңберінде «Қазақтелеком сервистік қызмет көрсету стандарттары» 1-ші кезеңін енгізу жөніндегі жобаны пилоттық іске асыру басталды.

6) Интернеттің сыртқы порттарына қосылуларды 2,34 есе кеңейту жүзеге асырылды, халықаралық операторларды «Интернет-транзит» қызметіне қосудың жалпы көлемі 2010 жылдың нәтижелеріне қатысы бойынша 1,7 есе ұлғайды.

7) Шығындарды қысқартудың орта мерзімді бағдарламасын енгізу басталды.

8) Қазақтелекомның базасында Қор компанияларының тобы үшін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің бірыңғай жүйелік интеграторын және провайдерін құру туралы Қормен стратегиялық келісімге қол қойылды.

9) 2011 жылғы 21 желтоқсанда Қазақтелеком шведтің TeliaSonera AB ұтқыр операторының еншілес компаниясының SoneraHoldings B.V. компаниясы «Қазақтелеком ААҚ «GSM Қазақстан» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49% сату туралы келісім жасасты.

Қазпочта Почтаның ұлттық операторы және республикада почта-жинақ жүйесін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты ілгерілетуші ретінде белгіленген.

2011 жылы почта қызметтері нарығындағы үлестің орта есеппен 2,1% өсуі байқалады, бұл ретте клиенттік базаның ұлғаюының салдарынан қаржы қызметтері нарығындағы үлес елеулі түрде, 69% өсті.

Қазпочта почта саласында хаттар мен сәлемдемелерді, жеделдетілген және курьерлік почтаны жөнелту жөніндегі қызметтерді көрсетеді, почталық ақша аударымдарын аударады, баспа басылымдарын таратады. Қазпочта қаржы-банктік қызметтер саласында валюталық-айырбастау операциялары, депозиттер, төлемдер қабылдау, есептік-кассалық қызмет көрсету, инкассация және ақша және құндылықтар тасымалдау сияқты қызметтерді, бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызметтерді, электрондық ақша аударымдарын, трансфер-агенттік қызметтерді және т.б. көрсетеді. Агенттік қызметтер саласында екінші деңгейдегі банктер беретін тұтыну кредиттеріне қызмет көрсету дамуға ие болды.

Қазпочтаның облыстарда, аудандарда және ауылдық елді мекендерде кең филиалдық желісі бар, активтерінің құрылымы 2 деңгейдегі 3 компанияны құрайды.

2011 жылғы мынадай елеулі оқиғаларды атап өтеміз:

1) соңғы жылдар ішінде 2010 жылғы нәтижеден 3 есе асатын рекордтық таза пайда (0,8 млрд. теңге) алынды.

2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автоматтандырылған өндірістік объектілер деңгейіндегі почта жөнелтілімдерін қадағалау жүйесі енгізілді.

3) Астана, Алматы, Қарағанды қалаларында «PostEurope» қауымдастығының сарапшылары «Пост Ревью» іс-шарасын өткізді (Қазпочта сұрыптау орталықтарының, авиаучаскелерінің, почта бөлімшелерінің өндірістік үдерістерін талдау).

«Қаржы институттары және даму институттары» сегментіне осы сегменттегі ірі компаниялар болып табылатын Қордың мынадай компаниялары топтастырылған: «Қазақстанның Даму банкі» АҚ (бұдан әрі – ҚДБ), «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Даму), «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – ҚКМ), «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «Темір Банк» АҚ, «Қазақстан инвестициялық қоры», «Қазэкспортгарант» АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ, KGF SLP, KGF Management, KGF IM.

ҚДБ экономиканы әртараптандыруға ықпал ететін жобаларды қаржыландыру, және елдің экономикасына ішкі және сыртқы инвестициялар тарту мақсатында 2001 жылғы мамырда құрылды.

2011 жылдан бастап ҚДБ Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінде сенімгерлік басқаруда. ҚДБ құрылымына 2 деңгейдегі 2 компания кіреді.

2011 жылы мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) 4 инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде шамамен 400 тұрақты жұмыс орындары құрылды.

2) GAMMA рейтингі GAMMA-5+ деңгейіне дейін көтерілді және Standard&Poor's бастамасы бойынша қайтарылды. Standard&Poor's рейтингілік қызметі ҚДБ шетелдік валютадағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредит рейтингілерін «BBB/A-3»-тен «BBB+/A-2» дейін арттырды.

3) ҚДБ-ның Қазақстан банктерінің ішінде Қазақстанның егемен рейтингілерінің деңгейіндегі ең жоғары кредиттік рейтингілері бар. Moody's және FitchRatings кредиттік рейтингілері егемендіктен 1 тармаққа төмен.

4) ҚДБ «2020 Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді.

5) ҚДБ-ның «ҚДБ-Лизинг» ұйымы «Еңбек өнімділігі 2020» мемлекеттік бағдарламасының қаржылық лизинг беру бөлігіндегі операторына айналды.

Даму – кәсіпкерлікті қаржылық және қаржылық емес қолдау арқылы Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау шараларының ұлттық институты, негізгі операторы және интеграторы. Дамудың құрылымына бүкіл ел бойынша орналасқан 16 өңірлік филиалдар кіреді, активтерінің құрылымы 6 компанияны құрайды. Даму 2011 жылдан бастап Экономикалық даму және сауда министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында.

2011 жылы Даму мынадай бағдарламаларды іске асыруды жалғастырды:

- Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау;
- Кәсіпкерлікті қаржылық емес қолдау.

2011 жылғы мынадай **елеулі оқиғаларды** атап өтеміз: Бағдарламалардың шеңберінде екінші деңгейдегі банктер арқылы 82,4 млрд. теңге сомасына 2,3 мың қарыз алушы қаржыландырылды, және 2011 жылы Қазақстандағы ШОБС қаржыландыру үшін 500 млн. АҚШ доллары мөлшерінде Азия Даму банкінің қарызы тартылды.

Жылжымайтын мүлік қоры «Жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерді шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 қаулысын және «Самұрық-Қазына» Басқармасының сырттай отырысының шешімін орындау үшін құрылды. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің және ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономикасы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде құрылыс объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу және жылжымайтын мүлік пулын тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Жылжымайтын мүлік қорының құрамына 3 компания кіреді.

Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- құрылысы аяқталмаған объектілерді қаржыландыру;
- жылжымайтын мүлік пулын басқару.

Бірінші бағыттың шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры өзінің алдына мынадай міндеттер қояды:

- құрылысы аяқталмаған объектілерден үй-жайлар сатып алу және басқа тәсілмен қаржыландыру арқылы олардың құрылысын аяқтау;
- құрылыс объектілеріндегі қазақстандық қамтуды арттыруға жәрдемдесу;
- құрылыс объектілерінің тұрғын үй салудың қазіргі заманғы стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Екінші бағыттың шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры жылжымайтын мүлік іске асырылған пулының үлесін ұлғайтуды және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуді мақсат етіп қояды.

2011 жылы мынадай **елеулі оқиғалар** болды:

1) пайдалануға енгізілген объектілер бойынша 1,4 мың үлескердің проблемалары шешілді.

2) құрылыс салушылардың сатып алуындағы қазақстандық қамту 68% құрады (жоспардағы 58% кезінде).

3) 12 объект пайдалануға енгізілді, оның ішінде «Мария» ТК, «Солтүстік шұғыла» ТК, «Сулы-нулы жасыл аймақ» ӘТК, «Батыс» ТК, «Қала романсы» ТК, «Астана Жұлдызы» ТК, «Айя» ТК, «Ишим»

ТК, «Изумрудный квартал» ӘК, «Ертегі әлемі» ТК пята 1,2, «Айгерим» ТК, «Каспиан Палас» ТК, сондай-ақ Алматы облысындағы «Хан тәңірі» ТК объектісінің 2 (екі) кезегі.

4) 2011 жылғы қарашада Жылжымайтын мүлік қоры «ҚазМұнайГаз Сервис» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниясы) компаниясының «Зәулім» ЖШС-да қатысу үлесінің 100% сату ниеті туралы хабарлады.

5) Астана және Шымкент қалаларында тұрғын үй құрылысына инвестиция салу жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыру бойынша жұмыс басталды.

2011 жылдан бастап **ККМ** Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында.

ККМ қызметінің негізгі түрлері тікелей инвестициялар мен қаржы құралдарына инвестициялар қорларын құру және қатысу болып табылады. ККМ құрылымына 3 деңгейдегі 17 компания кіреді.

2011 жылы ККМ, РОСНАНО және VTBCapital және I2BFGlobalVentures басқарушы компанияларының арасында құрылтайшылық құжаттарға қол қою арқылы Ресей-Қазақстан нанотехнологиялар қорына қатысу бойынша міндеттемелер қабылдады.

ҚИҚ перспективалық ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, жеке меншік сектордың бастамаларына экономиканың шикізаттық емес секторында бәсекеге қабілетті өндірістер құру бойынша қаржылық көмек көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы № 501 қаулысының негізінде құрылды. ҚИҚ Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында. ҚИҚ құрылымына 4 деңгейдегі 52 компания кіреді.

2011 жылы ҚИҚ жобалардан үш толық шығуды, сондай-ақ басқа жобалардан ішінара шығуды жүзеге асырды.

ҚазЭкспортГарант экспорттық кредиттерді коммерциялық және саяси тәуекелдерден сақтандыру (қайта сақтандыру) құралдарының көмегімен елдің шикізаттық емес секторының экспорттаушыларын қолдау жолымен Қазақстан Республикасының экспорттық-кредиттік агенттігінің функцияларын жүзеге асырады. ҚазЭкспортГарант 2011 жылдан бастап Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында.

Қайта сақтандыру нарығында 2010 жылы 0,31% және 2011 жылы 0,43% үлесті алады, үлестің өсуі қосымша жобаларды қайта сақтандыру есебінен түсіндіріледі.

ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің және ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономикасы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары шеңберінде Қор 2009 жылы **БТА, Альянс Банк** акцияларының бақылау пакеттерін және **ҰБ пен ҚКБ** елеулі үлесін сатып алды. Бұл шаралар банктерге қосымша өтімділік беруге және олардың төлем қабілетін қамтамасыз етуге бағытталды.

«Корпоративтік орталық және жобалар» сегментіне «Самұрық-Қазына» АҚ, сондай-ақ «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС (бұдан әрі – Самұрық-Қазына Инвест), «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС (бұдан әрі – Самұрық-Қазына Контракт), «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Финанс), «Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Фармация), «Майқайыңалтын» АҚ кіреді.

2011 жылы Қорда мынадай **елеулі оқиғалар** болды:

1) дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде Қор сатып алған Халық банкінің жай акциялары пакетінің 19,8% сату жүзеге асырылды.

2) ҚР Президентінің Жарлығымен Қордың бірқатар еншілес компанияларының («Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ, «Қазақстан Даму банкі» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «KazynaCapitalManagement» АҚ), ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ акциялар пакеттері ҚР Экономикалық даму және сауда, ҚР индустрия және жаңа технологиялар министрліктеріне берілді.

3) Қор Альянс Банктің, Темірбанктің және БТА Банктің ірі қатысушысы бола отырып, олардың қаржылық жағдайын қалпына келтіру бойынша жұмыс жүргізді.

4) Қордың S&P-дан егемен деңгейіндегі кредиттік рейтингі «BBB+» құрады.

5) 2011 жылдың ішінде Қордың екі Басқарма төрағасы және менеджментінің ауқымды бөлігі ауысты.

СҚ-Финанс Қордың банк секторындағы мемлекеттік бағдарламаларының операторы функциясын іске асыру үшін Қордың жүз пайыз қатысуымен 2011 жылғы мамырда құрылды.

Самұрық-Қазына Финанс қызметінің негізгі түрлері – Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі қаржы ұйымдарындағы акциялар мен қатысу үлестерін басқару және дайындау бойынша консультациялық қызметтер көрсету.

Самұрық-Қазына Инвест 2007 жылғы шілдеде тіркелді, компанияның құрылтайшысы «Самұрық» холдингі» АҚ болды.

Самұрық-Қазына Инвест қызметінің негізгі түрлері:

- капиталға инвестицияларды және активтерді, оның ішінде Қордың инвестициялық саясатына сәйкес қор қаражаты есебінен қамтитын Қордың инвестициялық қызметін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер көрсету арқылы Қордың инвестициялық қызметіне қатысу;

- инвестициялық-консультациялық қызметтер көрсету;

- жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру, оның ішінде қаржыландыру көздерін бағалау және бірлескен жобалық қаржыландыру.

Самұрық-Қазына Келісімшарт CDMA (ТСНП) технологиясын пайдалана отырып, 50 адамнан астам халқы бар телефондандырылмаған ауылдық елді мекендерді телефондандыру және ауылдық байланысты ілеспелі жаңғырту жөніндегі, ауылдық байланыс телекоммуникациялары желілерін жаңғырту және дамыту жөніндегі жобаның бірінші кезеңін іске асыру мақсатында 2007 жылғы шілдеде «Самұрық» холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған «Телеком-Инвест Самұрық» ЖШС-ның құқық мирасқоры болып табылады.

2009 жылдан бастап Самұрық-Қазына Келісімшарт қызметінің негізгі түрлері қазақстандық қамту мониторингі, Қор тобы компаниялары сатып алуының ашық рәсімдерін енгізу және Қордың мүддесінде таза кіріс алу болып табылады.

СҚ-Фармация тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету және тең құқықты әріптестік шарттарында жеке меншік және мемлекеттік секторлардың күшін біріктіру жолымен ҚР-да фармацевтикалық саланы дамытуға жәрдемдесу мақсатында ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 11 ақпандағы №134 қаулысын орындау үшін құрылды. СҚ-Фармацияның стратегиялық мақсаты Қазақстан Республикасы фармацевтика саласының тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру жолымен фармацевтика өнеркәсібін дамыту болып табылады.

СҚ-Фармация қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу бойынша ашық сауда-саттықтарды ұйымдастыру;

- тиісті дистрибьюторлық практикалардың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дәрілік заттардың сақталуын ұйымдастыру;

- дәрілік заттардың мемлекеттік медицина ұйымдарына логистика үдерістерін ұйымдастыру;

- Бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің және жеткізушілердің логистикасы үдерістерін біріктіру үшін, сондай-ақ айналым, тауар қалдықтары туралы өзекті ақпарат алу үшін ақпараттық жүйе құру.

II. Операциялық қызметтің нәтижелері және күрделі шығындар

1. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2010 жыл	Өзгеріс, млрд.теңгемен	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	350,6	634,4	-283,8	-45
Негізгі компанияның Акционерінің үлесіне шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	330	545	-215	-39
EBITDA ³	млрд. теңге	715,3	747,4	-32,1	-4

³ EBITDA = (Сатудан кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік ерекшелігі және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату бойынша шығыстар) + (Негізгі құралдардың тозуы және сатудың өзіндік құнымен ескерілетін материалдық емес активтердің амортизациясы, жалпы әкімшілік шығыстар және тасымалдау және сату бойынша шығыстарда);

EBITDA margin ⁴	%	16,2	20,60	-4,4	-21
ROACE ⁵	%	6,3	9,4	-3,1	-33
ROA ⁶	%	2,7	5,3	-2,6	-49
ROE ⁷	%	6,3	12,5	-6,2	-50
EVA ⁸	млрд. теңге	-476,9	-150,4	-326,5	-217

Жиынтық кірістің негізгі баптары

Атауы	2011 жыл		2011 жыл, млрд. теңге	2010 жыл		2010 жыл, млрд. теңге	Өзгеріс, млрд. теңге-мен	Өзгеріс, %-бен
	Сатудан кірістерге %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен		Сатудан кірістерге %-бен	Операциялық қызметтен шығыстарға %-бен			
Сатудан кірістер және пайыздық кірістер	100	103	4 427,3	100	103	3 630,5	796,8	22
Операциялық қызметке шығыстар	97	100	4 287,9	97	100	3 511,4	776,5	22
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	72	74	3 194,2	69	72	2 515,2	679,0	27
Жалпы кіріс	28	29	1 233,1	31	32	1 115,4	117,7	11
Жалпы әкімшілік шығыстар	10	10	438,6	10	11	372,2	66,4	18
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	8	9	367,2	7	7	253	114,2	45
Активтердің құнсыздануынан шығындар	5	5	232,0	1	1	49,4	182,6	370
Операциялық қызметтен кірістер (шығындар)	5	5	226,1	9	9	312,9	-86,8	-28
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар кірістеріндегі үлес	14	14	611,2	11	11	397,1	214,1	54
Табыс салығы бойынша шығыстар	8	9	367,9	1	1	28,7	339,2	1182
Таза пайда	8	8	350,6	17	18	634,4	-283,8	-45

Таза пайданың өзгеруіне өзіндік құн, ЖӘШ, операциялық қызмет нәтижесінде тасымалдау жөніндегі шығыстар, сондай-ақ құнсызданудан болған шығындар және табыс салығы бойынша шығыстар теріс әсерін тигізуде. Осылайша, төменде таза пайдаға осы баптардың әсерінің негізгі факторлары беріледі.

Факторлар	ЕДБ-мен өзгеріс, млрд.теңге
Таза пайда (2011 жыл ішінде 350,6 млрд.теңге; 2010 жыл ішінде 634,4 млрд.теңге)	- 283,8
Пайданың өсуімен байланысты операциялық қызметтен пайданың өсуі (2010 жылғы операциялық кірістілік деңгейі есебінен) негізінен мұнай өнімдерін сатудан, жүк теміржол тасымалдары, негізгі қызмет бойынша өзге де қосымша қызметтер көрсетуден өзге де	114,2

⁴ EBITDA margin = EBITDA / сатудан кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.

⁵ ROACE = NOPAT / ACE

NOPAT = Тоқтатылған бизнеске түзетілген негізгі компанияның Акционеріне келетін пайда + Пайыздар бойынша шығыстар × (1 – КТС ставкасы)

ACE = Негізгі компанияның Акционеріне жатқызылған өз капиталы + Барлық пайыздық міндеттемелер

⁶ ROA = таза кіріс / жыл ішіндегі орташа активтер

⁷ ROE = таза кіріс / жыл ішіндегі өзінің орташа капиталы


⁸ EVA = (ROACE-WACC)*ACE

WACC = Өз капиталының құны × Өз капиталының үлесі + Қарыз капиталының құны × қарыз капиталының үлесі × (1 – КТС ставкасы)

кірістерден, урань өнімін сатудан	
ЕДБ-ге енгізу себепті операциялық қызметтен пайда серпінінің өсуі	27,3
Салықтық жүктеменің өсуі (негізінен ПҚӨС бойынша савкалардың және мұнай бағасының өсуі себепті экспорттық кеден бажының өсуі есебінен)	- 77,5
Өзіндік құнның өсу қарқынының түсімнің өсу қарқынынан ҚМГ бойынша жоғары болуы	- 77,5
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздану көлемінің өсуі	- 66,5
Демеушілік көмек бойынша шығыстардың өсуі	- 34,6
Қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлестердің өзгеруі	214,1
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың өсуі	- 339,2
Өзге де	-55,3

Атауы	2011 жыл, млрд.тенге	2010 год, млрд.тенге	2009 жыл, млрд.тенге	2011ж. 2010 ж. қарай, %-бен	2010 ж. 2009 ж., қарай %-бен
Операциялық пайда	226,1	312,9	-547,6	72,3	-
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	3194	2515	1999,8	127	125,8

Атауы	2011 жыл		2010 жыл		2009 жыл	
	сатудан кірістерге %-бен	операц. қызметтен шығыстарға %-бен	сатудан кірістерге %-бен	операц. қызметтен шығыстарға %-бен	сатудан кірістерге %-бен	операц. қызметтен шығыстарға %-бен
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	68,7	80,2	69	72	72	74



Өзіндік құны 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы өсіп, сатудан кірістерде де және пайыздық кірістерде де өсіп 72%-ды құрады, ал операциялық қызметке шығыстарда - 75% болды, ал 2010 жылы тиісінше 69% және 72% құрады.

Осындай серпін Компаниялардың тиімділігін арттыру үшін елеулі резервтердің бар екендігін растайды. 2010-11 жылдары осындай резервтерді айқындау бойынша Компаниялардың менеджментінің жұмсаған күш-жігері жеткілікті болмай шықты.

2012 жылы Қордың бастамашылығымен Компаниялар жалпы әкімшілік шығыстарды 6,6 млрд.теңгеге, ал санын 2 мың адамға қысқарту бойынша шаралар қабылдады. Бұған қоса, **Қор компаниялардың осы бағыттағы қызметін үйлестіруге белсендірек қатысуға шешім қабылдады.** Қор Компаниялармен бірлесіп Қор Тобының өзіндік құнды да, сондай-ақ басқа да шығындарды да оңтайландыруға бағытталған шығыстарды төмендетудің орта мерзімді бағдарламасын әзірлейтін болады.

Бұл ретте, 2011 жылдан бастап осындай жұмысты Қазақтелекомның және ҚТЖ-ның жүргізе бастағанын атап көрсетеміз, білгілі бір нәтижелер де бар.

ЖӘШ-те қайырымдылық және демеушілік көмекке арналған қаражат үлкен үлесті алады. Осы шығыстардың серпіні мынадай: 2009 жылы – 13,7 млрд.теңге, 2010 жылы – 24,6 млрд.теңге, 2011 жылы – 59,2 млрд.теңге. Осы шығыстардың бірнеше есе өсуін есепке ала отырып Қордың Директорлар кеңесі 2011 жылдың қарашасында екінші деңгейдегі банктерді есепке алмағанда демеушілік және/немесе қайырымдылық көмекке шығыстарды шегергенге дейін шоғырландырылған жылдық таза кірістің 3% мөлшерінде лимит белгіленді.

Қор тобында компаниялар активтерінің, оның ішінде бейінді емес активтердің құрылымын оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазіргі уақытта ҚТЖ және Самұрық-Энерго тиісті іс-шаралар жоспарын қабылдап және оны іске асыруда. ҚМГ бұған дейін қабылдаған жоспарды нақтылауда. ҚАӨ Қормен бірлесіп активтердің мақсатты құрылымын және іс-шаралардың тиісті жоспарын әзірлеуде. Қор бейінді емес активтерді іске асыру мәселесін Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің қарауына шығаратын болады.

2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы «EBITDA» және «EBITDA margin», «ROACE», «ROA» және «ROE» қаржылық көрсеткіштерінің (ҚНК) төмендеуіне шоғырландырылған таза пайданың өзгеру факторы ықпалын тигізді.

2. ЕДБ-сыз шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Қор туралы заңға сәйкес екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) Қор тобына кірмейді, осыған байланысты төменде ЕДБ-ны есепке алмай, шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат келтірілген.

ЕДБ-сыз қаржылық көрсеткіштерді шоғырландыру және есептеу кезінде мынадай жол берулер қабылданды:

- «БТА Банк» АҚ (БТА), «Альянс Банк» АҚ (АЛБ); «Темірбанк» АҚ (ТМБ) еншілес банктерінің деректерін шоғырландыру жүзеге асырылған жоқ;
- Қордың БТА, АЛБ, ТМБ-ның облигациялық своптарының дисконтталуынан нетто-кірістер немесе облигацияларға капиталға айырбасталуы сияқты операциялық емес біржолғы кірістері алынып тасталды;
- осы банктер Топтың қауымдасқан ұйымдары болған кездегі Халық банкінің (ХБ) және Қазкоммерцбанктің (ҚКБ) 2009-2010 жылдардағы үлестік кірістері көрсетілмеген;
- ХБ және ҚКБ акциялары бойынша колл және пут опциондарының пайдасы/шығыны арқылы тану және қайта бағалау алынып тасталған;
- Өзге де жиынтық кіріс арқылы елеулі ықпалын жоғалтқаннан кейін сату үшін қолма-қол инвестициялау ретінде есепке алынатын Халық банкінің және ҚКБ акцияларын кейіннен қайта бағалау алынып тасталған;
- бұрын ішкі топтық ретінде элиминацияланған Топтың басқа компанияларының ЕДБ-дан барлық кірістері мен шығыстары, сондай-ақ активтері мен міндеттемелері сыртқы ретінде көрсетілген;
- Қордың БТА-ға және АЛБ-ға инвестиция беруден құнсызданған шығындары жиынтық кіріс туралы есептен алынып тасталған және капиталдағы өзгерістер туралы есепке тікелей Бөлінбеген кіріске ауыстырылған.

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2010 жыл	Өзгеріс	2011-2010 жылдар, %-бен
ЕДБ-сыз шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	718,4	641,3	77,1	112,0
ЕДБ-сыз негізгі компания Акционерінің үлесіне шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	630,0	525,5	104,5	119,9
ЕДБ-сыз EBITDA	млрд. теңге	749,3	812,2	- 62,9	92,3
ЕДБ-сыз EBITDA margin	%	17,8	23,5	-5,7	75,9
ЕДБ-сыз ROACE	%	8,9	7,8	1,1	115,0
ЕДБ-сыз ROA	%	6,2	6,0	0,2	103,4

ЕДБ-сыз ROE	%	12,8	12,0	0,8	106,1
ЕДБ-сыз EVA	млрд. теңге	-142,2	-210,4	68,2	32,4

Төменде келтірілген кестеде жиынтық кірістің барлық баптары ЕДБ-ны есепке алмай келтірілген.

Атауы	2011 жыл		2011 жыл, млрд. теңге	2010 жыл		2010 жыл, млрд. теңге	Өзгеріс, млрд. теңгемен	Өзгеріс, %
	Сату- дан кіріс- терге %-бен	Опер. қызметте н шығыста рға %-бен		Сату-дан кіріс- терге %- бен	Опер. қызметте н шығыста рға %-бен			
Сатудан кірістер және пайыздық кірістер	100	113	4 204,3	100	119	3 458,6	745,7	22
Операциялық қызметке шығыстар	89	100	3 736,7	84	100	2 894,7	842,0	29
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	72	81	3 025,4	69	82	2 375,6	649,8	27
Жалпы кіріс	28	32	1 178,8	32	37	1 083,0	95,8	9
Жалпы және әкімшілік шығыстар	8	9	344,1	8	9	266,1	78,0	29
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	9	10	367,2	7	9	253,0	114,2	45
Активтердің құнсыздануынан шығындар	4	5	181,9	5	6	164,0	18,0	11
Операциялық қызметтен пайда (залал)	10	11	400,0	15	18	514,2	-114,2	-22
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес	14	16	604,1	11	13	389,0	215,1	55
Табыс салығы бойынша шығыстар	5	6	225,7	6	7	203,5	22,1	11
Таза пайда	17	19	718,4	19	22	641,3	77,0	12

Төменде 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы ЕДБ-ны есепке алмағанда, таза пайданың өзгеруінің негізгі факторлары келтірілген.

Факторлар	Өзгерістер, млрд.теңге
ЕДБ-сыз таза пайда (2011 жыл ішінде 718,4 млрд.теңге; 2010 жыл ішінде 641,3 млрд.теңге)	77,0
түсімнің өсуіне байланысты операциялық қызметтен пайданың өсуі (2010 жылғы операциялық кірістілік деңгейі есебінен) негізінен мұнай өнімдерін, теміржол жүк тасымалдаулары, негізгі қызмет бойынша өзге де қосымша қызметтер көрсетуден өзге де кірістер, уран өнімін сату есебінен)	114,2
Салықтық жүктеменің өсуі (негізінен НДПИ бойынша ставкалардың және мұнай бағасының өсуіне байланысты экспорттық кеден бажының ұлғаюы есебінен)	-77,5
Өзіндік құнның өсу қарқынының түсімнің өсу қарқынынан ҚМГ бойынша артуы	-77,5
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің, активтердің құнсыздану көлемдерінің өсуі	-66,5
Демеушілік көмек бойынша шығыстардың өсуі	-34,6
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлестің өзгеруі	215,1
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың өсуі	22,1
Өзге де	-17,1

Ұзақ мерзімді перспективада Қор «БТА Банк» АҚ-дағы, «Альянс Банк» АҚ-дағы және «Темірбанк» АҚ-дағы үлестерін ұстап қалуды жоспарлап отырған жоқ. Қор екінші деңгейдегі банктердің оған тиесілі акциялар пакеттерін сату бойынша ұсыныстар әзірлейтін болады, әлеуетті инвесторларды іздеу жүзеге асырылды және олармен келіссөздер жүргізілетін болады. «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «БТА Банк» АҚ акциялар пакеттері сатылған сәтке дейін Қор олардың қаржылық жай-күйін қалпына келтіру бойынша белсенді жұмысты жалғастырады.


3. Сегменттер және күрделі шығындар бөлінісіндегі 2011 жылғы қаржылық көрсеткіштер⁹

млрд.теңге

Атауы	Мұнай-газ	Тау-кен өнеркәсіп	Тасымал- дау	Телеком муника- ция	Энергетика	Қаржы институттары және даму институттары	Корпоратив тік орталық және жобалар
Жалпы кірістер	2 715,4	363,5	846,7	202,3	150,5	684,6	296,9
Жалпы шығыстар	2 614,3	309,3	681,8	179,9	132,4	941,9	800,5
Сатудан кірістер және пайыздық кірістер	2 627,1	353,6	802,5	189,6	140,8	357,9	187,4
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	1 837,7	261,4	568,5	139,8	108,7	319,1	153,5
Жалпы кіріс	789,3	92,2	252,8	55,4	32,2	38,8	33,8
Жалпы әкімшілік шығыстар	160,1	21,7	78,0	22,0	12,9	105,7	44,1
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	350,7	3,8	6,8	4,6	0,3	0,0	1,8
Активтердің құнсыздануынан шығындар	61,8	4,0	2,3	2,6	0,4	446,2	590,2
Операциялық қызметтен пайда (залал)	218,0	63,4	177,4	26,2	19,0	-246,2	-570,4


Төменде келтірілген диаграммаларда Қор деңгейінде шоғырландырылған түзетулерді есепке ала отырып, еншілес ұйымдардың көрсеткіштері ұсынылған.

Компаниялар бөлінісіндегі 2011 жылғы шоғырландырылған таза пайда, млрд.теңге




⁹ Жалпы кірістер = (Сатудан кірістер және пайыздық кірістер + Мемлекеттік субсидиялар + Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру + Банктік қызметтен өзге де операциялық кірістер + Өзге де операциялық емес кірістер + Қаржылық кірістер + бағамдық айырмадан кіріс);
Жалпы шығыстар = (Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар + Жалпы әкімшілік шығыстар + Тасымалдау және сату бойынша шығыстар + Активтердің құнсыздануынан шығындар + Банктік қызметтен өзге де операциялық шығыстар + Өзге де операциялық емес шығыстар + Қаржылық шығындар + Бағамдық айырмадан залалдар).


**Компаниялар бөлінісіндегі 2010 жылғы шоғырландырылған таза пайда,
млрд.теңге**



Компаниялар бөлінісіндегі 2011 жылғы EBITDA, млрд.теңге



Компаниялар бөлінісіндегі 2010 жылғы EBITDA, млрд.теңге



Бұдан әрі ұсынылған сегменттік талдау еншілес ұйымдардың 2011 жылғы даму жоспарларын орындау бойынша есептердің өндірістік көрсеткіштері және еншілес ұйымдардың 2011 жылғы аудиттелген қаржылық есептілігінің деректері негізінде жүргізілген.

3.1 «Мұнай-газ» сегменті

Өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2010 ж.	2011/ 2010, %-бен	Факторлар
Мұнай өндіру көлемі	млн.тонна	21,1	22,0	96,0	Төмендеу: - жұмысшылардың заңсыз көп айлық ереуілдері; - мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізбеу; - электр берілісі желілерін авариялық тоқтату.
Мұнайдың дәлелденіп алынатын қоры	млн.тонна	778,6	791,3	98,0	Төмендеу: «Ембімұнайгаз», Қазгермұнай, ПетроҚазақстанИНК, Маңғыстаумұнайгаз кен орындарын қайта бағалау және барлау есебінен.
Магистралды құбыр бойынша мұнайды тасымалдау көлемі	млн.тонна	66,9	65,8	102,0	Жүк жөнелтушілер тарапынан мұнайды мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың ұлғаюы
Газ тасымалдау көлемі	млрд. текше метр	110,6	101,6	109,0	Қытай бағыты бойынша тасымалдау көлемін, Ресей газын ішкі нарыққа транзитін ұлғайту. Бұл ретте Орта Азия газы транзитінің және газды экспортқа тасымалдау көлемі төмендетіледі.
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау көлемі	млн. тонна	9,2	7,1	130,0	Мұнай тасымалдаудың өсуі, 2010 жылы тек қана мұнай өнімдері, ал 2011 жылы мұнай тасымалданды
Мұнай өңдеу көлемі	млн.тонна	15,3	14,8	104,0	Тыскары берушілердің мұнай өнімдері және мұнайға сұраныстарының өсуімен байланысты қайта өңдеу көлемінің өсуі. Бұл ретте Репко тарапынан мұнай өңдеу зауытына жеткізілімдердің төмендеуі орын алып отыр

Авариялардың ауырлық деңгейі (адам -сағат/100 мың адам сағат)		0,5	0,6	-17	
Авариялардың жиілігі (бірлік/100 мың адам сағат)		0,00047	0,00037	27	
Орташа тізімдік саны	мың адам	83,3	64,7	129	Активті сатып алуға және шоғырландыру периметрінің кеңеюіне байланысты

Төменде осы сегмент бойынша 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылғы таза пайданың өзгеруінің негізгі факторлары келтіріледі.

Факторлар	Өзгерістер, млрд.тенге
Таза пайда (2011 жыл ы 482,5 млрд.тенге; 2010 жылы 397 млрд.тенге)	85,5
Сату бағасының өсуі: негізінен, мұнай бағасының 1 баррелі үшін 80 АҚШ долларынан 111,3 АҚШ долларына дейін өсуіне байланысты	142,7
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан ұйымдардың кірістеріндегі үлестің өсуі	191,4
Активтердің шығуы	28,3
Мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер және орындалған жұмыстарды сату көлемін төмендету	-87,0
Активтердің құнсыздануы	-47,4
Кеден баждары: мұнай бағасының және мұнай экспортына кеден бажының бір тоннасы үшін 20 АҚШ долларынан 40 АҚШ долларына дейін өсуі.	-44,1
Корпоративтік табыс салығы: мұнай бағасының жоғары болуына, сондай-ақ салық заңнамасындағы өзгерістерге байланысты үстеме пайда салығы бойынша кірістердің, шығыстардың өсуі	-20,4
Қаржылық шығындар: негізінен, қарыздар және облигациялар бойынша пайыздық шығыстардың өсуі себебінен.	-18,7
Негізгі құралдардың тозуы	-15,6
Қаржылық кірістер	-13,1
Салықтар бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар	-8,5
«АқтауМұнайСервис» ЖШС-ны сатып алу	-5,6
Қайырымдылық және демеушілік көмек	-5,2
Өзге де	- 11,3

Үкімет шикі мұнай өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен шұғылданатын ҚМГ компанияларынан жыл сайынғы негізде негізінен мұнай өнімдерін ішкі нарыққа жеткізу теңгерімін қолдау үшін және көктемгі егіс және күзгі астық жинау науқандарында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолау үшін өнімдерінің бір бөлігін ішкі нарыққа беруін талап етеді. Мұнайдың жергілікті нарықтағы бағасы экспортқа арналған бағамен салыстырғанда 75,5%-ға төмен. Егер бұдан әрі Үкімет ҚМГ тобы 2011 жылы берген көлемнен асып түсетін көлемде шикі мұнайдың қосымша көлемін тапсырған жағдайда, осындай жеткізілімдердің нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдердің алдында басымдықтары болады. Бұл өз кезегінде шикі мұнайды экспортқа сатудан түсімдердің аз жинақталуына әкеледі және ҚМГ қызметіне, перспективасына, қаржылық жай-күйі мен құнына теріс ықпалын тигізеді. ҚМГ шикі мұнай экспортын кезең-кезеңмен ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде.

Бұдан әрі мұнайгаз сегментінде таза кірісті жақсарту үшін қабылданған негізгі шаралар сипатталады.

ҚМГ уақтылы іздестіру және көмірсутегі шикізаты қорларын белсенді әзірлеуге және мұнай өндіретін ұйымдар бойынша өндіру және толтыру ұңғымалары қорларының жай-күйін кешенді зерделеу бойынша, кен орнында мұнай өндіру деңгейін қалпына келтіру бойынша тартуға түбегейлі шаралар қабылданатын болады;

Келесі фактор – тарифтік реттеудің қолданыстағы жүйесі, олар бойынша ҚМГ компаниялары Қормен және Үкіметпен бірлесіп жүргізетін шаралар.

ҚМГ активтердің құнсыздануынан, авариялардың жиілігі мен ауырлығынан болатын шығындарды төмендету бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Қайырымдылық және демеушілік көмекке арналған қаржы қаражатының жыл сайынғы өсуі де таза кіріске теріс әсерін тигізеді.

Қазіргі уақытта сегменттің бірқатар компаниялары «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде акциялар пакетін қор нарығына шығару бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** 2011 жылы 1 022 млрд.тенгені құрады, оның ішінде өндірістік активтер мен өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында болуын қолдауға – 176,8 млрд. теңге және компаниялардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталына инвестицияларға – 555,1 млрд.теңге. Күрделі шығындар негізінен келесі жобаларға бағытталды:

1) «ҚазМұнайТеңіз» МНК» АҚ компаниясының «Жемчужины» жобасы. Жоба блок құрылымдарында мұнай мен газ барлауға, кен орындарын жайғастыруға және мұнай мен газ өндіру көлемін ұлғайтуға бағытталған.

2) Проект «Строительство 1 участка магистрального газопровода Казахстан-Китай» компании АО «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясының «Қазақстан-Қытай магистралды газ құбырының 1 учаскесінің құрылысы» жобасы: транзитті табиғи газды Түркістаннан Қытайға Қазақстан Республикасының аумағы арқылы (Өзбекстанмен шекарадан Қытаймен шекараға дейін, Қорғас қаласы) тасымалдауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылған.

3) «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясының «Бейнеу-Шымкент газ құбырының құрылысы» жобасы: компания қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Осы жобаның мақсаты Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін газбен қамтамасыз ету және табиғи газды Қытай Халық Республикасына экспорттау мүмкіндігін ұлғайту мақсатында 1-тарамды орындаумен ұзындығы 1475 км магистралды газ құбырын салу болып табылады.

4) «Қашаған. Солтүстік Каспий жобасы» жобасы: Қазақстан Республикасында мұнай мен ілесіп өнімдерге барлау жүргізу, игеру және өндірумен байланысты барынша басым бағыттардың бірі болып табылады. Жоба тәжірибелік-өнеркәсіп әзірлемелердің (ТӨӘ) бірінші кезеңінен және кен орнын игерудің келесі кезеңдерінен тұрады.

5) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ блок құрылымдарында мұнай мен газды геологиялық барлау бойынша, «Сәтпаев», «Абай», «Жеңіс», «Н», «Дархан», «Ұрықтау», «Шоғырлы-Шөмішті», «Исатай Шағала», «Центральная» және «Жамбыл» кен орындарында кен орындарын жайластыру және мұнай мен газ өндіру көлемін ұлғайту жобалары.

6) «Caspі Bitum» БК» ЖШС компаниясының «Ақтау пластмасса зауытында жол битумын өндіру» жобасы: Қазақстан Республикасының аумағында мұнай өнімдерін өңдеу, қайта өңдеу және өндіру бойынша шешуші буындардың бірі болып табылады.

7) «ТеңізСервис» ЖШС компаниясының «Мұнайдың төгілуіне Ден қоюдың Солтүстік Каспий Экологиялық Базасы» (МТДЭБ) жобасы: «Қашаған» кен орнын игеру кезеңінде Каспийдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

8) «ҚазМұнайГаз – Қайта өңдеу және Маркетинг» АҚ компаниясының «Атырау МАЗ-да мұнайды тереңдете өңдеу кешенінің құрылысы» жобасы: Қазақстан Республикасының аумағында Еуро-4 стандарттарына сәйкес келетін бензин және дизель отынын шығаруды, мұнайды қайта өңдеу тереңдігін 84%-ға дейін ұлғайтуды, шикі мұнайды қайта өңдеу өнімділігін жылына 5,5 млн. тоннаға дейін ұлғайтуды, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ету үшін құрылған.

9) «ҚазМұнайГаз – Қайта өңдеу және Маркетинг» АҚ компаниясының «толық тапсыру» шартымен «Атырау МАЗ хош иісті көмірсутегін өндіру жөніндегі кешен құрылысы» жобасын: мақсаты мотор отындарының еуростандаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мұнайды тереңдете қайта өңдеу жөніндегі қолданыстағы қондырғыларда және болашақ кешенде гидротазарту және гидроқұнарландыру үдерістерін сутегі бар газбен (сутегімен) қамтамасыз ету, экологиялық еуропалық стандарттардың жоғары деңгейлеріне сай келетін өнім шығаратын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешу, қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімін шағару үшін Қазақстанда көмірсутегі шикізатын тереңдете қайта өңдеу бойынша мұнай-химия өндірісін құру үшін осы заманғы технологияларды енгізу және пайдалану болып табылады.

10) «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясының «Алматы қаласы және Алматы облысының газқұбырын салу және қайта жаңалау» жобасы: әлеуметтік бағдарланған жоба Алматы қаласы мен облысының газ тасымалдау жүйесінің өткізу қабілетін 245 мың м3/сағ. ұлғайтуға мүмкіндік береді және қаланың тұтынушыларына табиғи газды авриясыз және үзіліссіз жеткізуді және тарату газқұбырлары жүйесінде газбен жабдықтау режимін орнықтыруға мүмкіндік береді.

11) «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясының «Оңтүстік Қазақстан облысының газ тарату желісін жаңғырту» жобасы: Шымкент қаласын және Оңтүстік Қазақстан облысын табиғи газбен үзіліссіз және авариясыз қамтамасыз етуге, газ құбыларын пайдаланудың кепілді мерзімін ұлғайтуға, газ құбырлары схемасын оңтайландыру есебінен газ желілерінің өткізу қабілетін 85 мың м3/сағ.-тан 258 мың м3/сағ. дейін ұлғайтуға, сондай-ақ шағын қабатты тұрғын үй секторларында газды еспке алу жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

12) «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясының «Газ кен орнының Амангелді тобын игеру» жобасы: Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін табиғи газбен, өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны енгізу оны Өзбекстаннан экспорттау тоқтатылған кезде газ жеткізудің үзілуінің алады алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жобаның әлеуметтік бағыттылығына байланысты берілетін өнімді елеулі түрде арзандатады (Өзбекстаннан импортталатын газбен салыстырғанда).

3.2 «Таукенөнеркәсіп» сегменті

Өндірістік көрсеткіштер

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2011 жыл	2010 жыл	2011 - 2010 жж., %-бен	Факторлар
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ уран өндіру көлемі, мың тонна	19,1	17,2	110,7	Уәкілетті орган бекітетін 2011 жылға арналған өндірістік бағдарламада 2010 жылмен салыстырғанда уран өндіруді ұлғайту көзделген. 2011жылдың жоспары 97,4% орындалды.
Авариялық ахуалдар саны	1	1	100	
Орташа тізімдік саны, мың адам	19 956	19 208	103,9	Актив сатып алу және шоғырландыру периметрін кеңейту.

Осы сектор бойынша қаржылық нәтижелердің өзгеруіне 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы негізінен ҚАО өндірістік қызметінің нәтижелері ықпалын тигізді, өйткені 2010-2011 жылдары осы сегменке кіретін Тау-Кен Самұрық, БХК, Қазгеология әкімшілік-басқаруды қоспағанда, операциялық қызметті жүзеге асырған жоқ.

2011 жылы компаниялардың шығындары: Тау-Кен Самұрық 0,6 млрд.теңге, БХК – 0,98 млрд.теңге, Қазгеология – 0,046 млрд.теңгені құрады. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның 2011 жылғы таза кірісін бағалау 1,5 млрд.теңгені құрады.

Осы компаниялардың қызмтінен кірістер алу іске асырылатын жобалардың толық жобалық қуатына, атап айтқанда: Тау-Кен Самұрық 2014 жылы, БХК - 2017 жылы, Қазгеология 2013 жылдан кейін шығуына орай және жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарына байланысты болады.

Төменде 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда сегмент бойынша **таза пайданың** өзгеру факторлары келтірілген.

Факторлар	Өзгерістер, млн.теңге
Таза пайда (2011 жылы 80,6 млрд.теңге; 2010 жылы 60,0 млрд.теңге)	20,6
Өндіріс көлемі және уран өнімін сату	-7,5
Бағалардың өсуі	44,4
Негізгі құралдардың тозуы	- 5,1
Өзге де	-11,4

ҚАӨ өзіндік құны ұлғаяды, бұл операциялық кіріске ықпалын тигізеді, сондықтан бұдан әрі ҚАӨ өзіндік құнды төмендету, қор қайтарымдылығын арттыру, негізгі құралдардың тозуын төмендеті және өндірісте авариялар мен жарақаттану санын төмендету бойынша, активтердің құрылымын қытайландыру бойынша жұмыстар жүргізеді, негізінен қайталанатын функциялар алнып тасталады, қызметтің бірдей түрімен шұғылданатын құрылымдар біріктіріледі, бейінді емес активтер бәсекелі ортаға және тиісті мемлекеттік органдарға сатылады.

Осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** 2011 жылы 60,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде өндірістік активтерді және өзге де негізгі жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстауға арналған шығыстар, бағалау және барлау жұмыстары 29,6 млрд. теңгені құрады. Күрделі шығыстар негізінен мына жобаларға бағытталды:

1) «Жаңақорғанда күкіртқышқыл зауытын салу» инвестициялық жобасы бойынша. Жоба «Қызылқұм» ЖШС және «Байкен-У» ЖШС уран өндіретін кәсіпорындарды негізгі реагенттермен қамтамасыз етуге бағытталған.

2) «Күн батареялары өндірісін құру» инвестициялық жобасы бойынша. Жоба энергияның қалпына келтірілетін көздерін пайдаланып баламалы энергетиканы дамытуға, инновациялық жоғары технологиялы өндірісті құруға бағатталған.

3) «Мойынқұм кен орнының №3 учаскесінің (Центральный) солтүстік бөлігін тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру» инвестициялық жобасы бойынша. Жоба өндіруді өсіру есебінен сатудан түсетін кірісті ұлғайтуға, олар бойынша жұмыс істеу аяқталып келе жатқан кен орындарын ауыстыруға бағытталған.

4) «Орталық» ЖШС уран өндіретін кәсіпорынның 100% қатысу үлесін сатып алу» инвестициялық жобасы бойынша. Жоба өндіруді және Қазақстан Республикасының қорлары мен ресурстарының жалпы көлемінде қатысу үлесін ұлғайту есебінен сатудан түсетін кірісті ұлғайтуға бағытталған.

5) «Ресейдің бөлу зауытында қатысу үлесін сатып алу» инвестициялық жобасы бойынша. Жоба уранды байыту бойынша қызмет көрсетулерден қосымша кіріс алуға бағытталған.

3.3 «Тасымалдау» сегменті

Өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2010 жыл	2011/2010, %-бен	Факторлар
Тарифтік жүк айналымы		223 583	213 174	104,9	Тасымалдау көлемінің қлғаюы: • көмірді угля 6 249 млн. т-км-ге РФ және Украинаға көмір экспортының өсуі себепті; • Мұнай өнімдері 2 493 млн. т-км-ге ҚР-да мұнай өнімдерін тұтынудың ұлғаюына, Ауғанстанға ЖЖМ тасымалдаудың өсуіне байланысты; • Құрылыс жүктері 667 млн. т-

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2010 жыл	2011/2010, %-бен	Факторлар
					км-ге; - Химикаттар мен сода 1044 млн. т-км-ге; - Өзге де жүктер 2 513 млн. т-км-ге.
Жолаушылар айналымы	млн. жолаушы км	14 649	13 991	104,7	Өсу негізінен «Алматы-Астана» қатынасындағы № 35/36 қосымша поезын тағайындау және мереке және демалыс күндері кезеңінде қосымша факультативтік вагондар есебінен болды.
Еңбек өнімділігі	Мың теңге / адам	4 580	4 051	113,1	Негізгі қызметтен кірістің өсуі.
Қазақстан аумағы бойынша теміржол көлігімен транзиттік тасымалдау көлемінің өсуі	%	8,0	-	-	Транзиттік қатынастардағы жүк тасымалдаудың ұлғаюы.
Ұшу сағаты	сағат	78 925	69 294	114,0	Жаңа бағыттар ашу. Сұранымның өсуі ішкі бағыттарда - 8%, халықаралық – 6%.
Тасымалданған жолаушылар	мың	2 989	2 568	116,0	
Тасымалдаған жүк, багаж және пошта	тонна	19 692	16 392	120,0	Жүк тасымалына сұраныстың өсуі
Өндірістік жарақаттар жиілігінің коэффициенті		0,29	0,31	93,6	Қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау жөнінде іс-шаралар жүргізу
Жүк поездарының уақтылы өту пайызы	%	94,8	95,5	99,3%	Басым жолаушыл поездарын өткізу, техникалық бракқа байланысты қалыптастырылған құрамдарда ақаулы вагондарды ағыту және жүк поезында жылжымалы құрамның шығып кетуі, локомотивтердің ақаулығы салдарынан өткізу жүрісінің уақытын сақтамау, қолайсыз ауа-райы жағдайлары, кеден қызметі қызметкерлерінің жүк поездарын кедендік тексеріп қарау кезінде белгіленген уақытты сақтамауы
Жолаушы поездарының уақтылы келмеу пайызы	%	99,3	98,7	100,6	Кеден қызметі қызметкерлерінің жүк поездарын кедендік тексеріп қарау кезінде белгіленген уақытты сақтамауы, ауа-райы жағдайлары, локомотивтердің ақаулы болуының салдарынан өткізу жүрісінің уақытын сақтамау
Рейстерді орындау дәлдігі	%	83,0	79,0	105,0	Жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау
Еңбек өнімділігі (тасымалданған жолаушылар саны/жоспарланған (нақты))	бірлік	889	847	105,0	Өндірістік көрсеткіштердің орташа тізімдегі санның өсу қарқынымен салыстырғанда өсу қарқынының

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2010 жыл	2011/2010, %-бен	Факторлар
орташа алғанда кезең ішіндегі тартылғандарының саны)					барынша жылдам болуы
Авиациялық инциденттердің саны	бірлік	10	7	143	Өндірістік көрсеткіштердің өсуі
Орташа тізімдік саны	мың адам	157	147	107	Өндірістік көрсеткіштердің өсуі

Төменде 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы сегмент бойынша **таза пайданың** өзгеруінің нақты факторлары келтірілген.

Факторлар	Өзгерістер, млрд.теңге
Таза пайда (2011 жылы 129,1 млрд.теңге; 2010 жылы 74,9 млрд.теңге)	54,2
Жүктерді тасымалдау тарифтерінің өсуі 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап орташа алғанда 14,8%.	80,1
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру: ұлғаю ҚР салық заңнамасына сәйкес ҚҚС қайтару есебі әдіснамасындағы өзгерістерге байланысты 8,3 млрд.теңге сомасында өтелмейтін ҚҚС бойынша қалпына келтірілген резервтің себебінен болды.	2,9
Тасымалдау және басқа да қызметтерді сату көлемі	9,7
Инфляцияны есепке алмағанда отын және энергия - Жұмыс көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ дизельдік отын құнының орташа алғанда 16,7%-ға және электр энергиясының 16% -ға (17 млрд. теңгеге) артуы; - АвиаЖЖМ бағасының өсуі және отын алымын енгізу.	-21,5
Негізгі құралдардың тозуы жаңа объектілерді пайдалануға енгізу және негізгі құралдар пайдалық қызмет мерзімін қайта есептеу есебінен	-6,6
Өзге де	-10,4

2011 жылы «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ - 210,5 млн.теңге, «Павлодар әуежайы» АҚ - 1,3 млн.теңге сомасында таза кіріс алды, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ қызметінен таза шығын (-) 3,6 млн.теңге (2010 жылы: шығын (-) 77 млн.теңге) мөлшерінде қалыптасты, бұл әуежай қызметтеріне баламалы емес төмен тарифтермен тікелей байланысты.

2011 жылы негізгі құралдарды сатып алу факторы сегментті ұйымдастырудың өзіндік құнына кері әсерін тигізсе, болашақта ол таза кірістің өсуіне ықпалын тигізеді деп болжануда.

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап теміржол көлігімен жүк тасымалдауға арналған тарифтер жүктердің тегі мен қатынас түрлеріне байланысты орташа алғанда 15%-ға көтерілді.

Тарифтердің өзгеру нәтижесіне 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының, Беларусь Республикасының және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігі шеңберінде темекіні, махорканы, темекі бұйымдарын, спирт және алкоголь ішімдіктерін, мақта талшықтарын тасымалдауға арналған тарифтер қосымша толық біріздендірілді.

Орташа алғанда Қазақстан бойынша авиация отынына бағалар 2010 жылы – \$430, 2011 жылы – \$666 (55%-ға өсу), орташа алғанда халықаралық рейстерді есепке алғанда барлығы 2010 жылы – \$679, 2011 жылы – \$925 (36%-ға өсу) құрады.

2012 жылы ҚТЖ негізгі құралдарды тиімді пайдалану, Эйр Астана, ұшулардың орындаудың дәлдігін және еңбек өнімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдайтын болады.

ҚТЖ шығындарды төмендету және активтердің құрылымын оңтайландыру бойынша да жұмыс жүргізеді, негізінен, қайталанатын функциялар алынып тасталады, бірдей қызмет түрімен шұғылданатын құрылымдар біріктіріледі, бейінді емес активтер бәсекелі ортаға және тиісті мемлекеттік органдарға сатылады.

2011 жылы ҚТЖ мыналарға **жәрдемдесетін** бірқатар ресми құжаттарға қол қойды:

- Қытай-Европа және кері қатынастардағы жүк тасымалдарын дамытуға және ұлғайтуға, сондай-ақ Орталық Азия – Қытай, оның ішінде Қорғас-Алтынкөл шекара өткелі арқылы қатынастарға;

- «Қорғас-Алтынкөл» шекара өткелі арқылы жүктерді тасымалдауды ұлғайтуға. ҚТЖ және COSCO GROUP компаниясы, ҚТЖ және Jiangsu Lianyungang Port Co.Ltd компаниясы, ҚТЖ және Sinotrans&CSC компаниясы, ҚТЖ және компанияй Tianjin Port Company компаниясы, ҚТЖ және China Shipping Container Lines Co.Ltd компаниясы арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы бірқатар меморандумдарға қол қойылды;

- Алматы 1,2 станцияларына, Шығыс Қазақстан облысының станцияларына және Қырғыз Республикасының Аламедин станциясына тағайындалған Эстон Республикасының порттары арқылы өтетін қосымша жүктер үшін сапалы және бәсекелі сервисті қамтамасыз етуге;

- халықаралық мультимодальдық тасымалдарды жүзеге асыруға;

- Қазақстан-Герман экономикалық және көліктік байланыстарының өзара іс-қимылын нығайтуға. Атап айтқанда, Азия – Еуропа және кері халықаралық қатынастар бағытында құрылықтағы трансконтинентальды бағыттар бойынша «дәл мерзімінде» қағидаты бойынша жүріп тұратын контейнерлік поездарды ұйымдастыруға ерекше назар аударылатын болады.

Эйр Астана компанияға операциялық лизинг бойынша шығыстарды, тиісінше көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын қысқартуға мүмкіндік беретін әуе лайнерлерін сатып алуды жоспарлап отыр.

Осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** 2011 жылы 394 млрд. теңгені, оның ішінде өндірістік активтерді және өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға - 96 млрд. теңгені және дамуға - 290,4 млрд.теңгені құрады. Күрделі шығындар негізінен мына жобаларға бағытталды:

1) «Жетіген-Қорғас теміржол желісінің құрылысы» жобасы. Жоба Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруға, сондай-ақ елдер арасында екінші халықаралық шекара теміржол өткелін ашуға бағытталған. 2011 жылдың желтоқсанында жұмыс қозғалысының ашылуымен 1-ші іске қосу кешенінің ашылуы болды.

2) «Өзен-Түркіменстанмен мемлекеттік шекара теміржол желісінің құрылысы» жобасы. Жоба Түркіменстанмен, Иранмен және Парсы шығанағы елдерімен тікелей қосылуды есепке ала отырып ҚР транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған.

3) «Астана қаласында «Тальго» жолаушылар вагондарын шығару бойынша зауыттың «толық тапсырылатын» құрылысы» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде жолаушылар вагондарын шығаруға бағытталған.

4) «Астана қаласында локомотивтерді құрастыру жөніндегі зауыттың құрылысы» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде магистралды тепловоздар шығаруға бағытталған.

5) «Осы заманғы электровагондар өндіру жөніндегі «толық тапсырылатын» зауыт құрылысы» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде осы заманғы электровагондарды шығаруға бағытталған.

6) «Бастапқы магистралды көлік байланысы желісін салу» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде корпоративтік клиенттер және ҚТЖ үшін STM 4 және STM 16 телекоммуникациялық жабдықтарды пайдалана отырып, көліктік сандық байланыс желісін (ТОБЖ) құруға бағытталған.

7) «Таман» ЖШС өндірістік кешенін техникалық қайта жарақтандыру» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде отандық жүк вагондарын шығаруға бағытталған.

8) «Астана қаласында «толық тапсырылатын» телерадиокешенін салу» жобасы. Жоба осы заманғы телерадиокешенін салуға бағытталған (*Үкіметтің тапсырмасы бойынша*). 2011 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен телерадиокешенінің ашылуы болды.

9) «Жүк вагондарын сатып алу» жобасы. Жоба жылжымалы құрамдағы жүк тасымалының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

10) «Жолаушылар вагондарын және электр поездарын сатып алу» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде жылжымалы құрамдағы жолаушылар тасымалының қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

11) «Локомотивтерді сатып алу» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде локомотив тартымы қызметтерін ұсыну қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

12) «Контейнерлер сатып алу» жобасы. Жоба компанияның өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде контейнерлермен контейнерлік тасымалдау қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

3.4 «Энергетика» сегменті


Өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2010 жыл	2011/2010 жж, %-бен	Факторлар
